

**"Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 327 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 363 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 327 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2019 жылға арналған тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-жолмен толықтырылсын:

"

2	"Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT (әуежайдан жаңа теміржол вокзалына дейінгі учаске)"	698 559 957 мың теңге (1 887 999 883 АҚШ долларына балама)	2016 - 2020	1 600 000 000 А Қ Ш долларына дейінгі балама	"Астана LRT" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бағалы қағаздардың і ш к і нарығындағы инвесторлар
---	--	--	-------------	--	---	--

"

2. Осы қаулы 2019 жылғы 15 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*